Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 10 « ә » сыныбында тәрбие жұмысының жоспары бойынша жыл бойы жүргізілген жұмыстары жөнінде талдау

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 10 «ә» сыныбы 2022-2023 оқу жылын 24 оқушымен бастады. Олардың 10-і ер, 14 –і қыз бала. Оқу жылының басында сыныптың әлеуметтік төлқұжаты, оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелді. Сыныпта ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар жоқ. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасыдан шыққан бірнеше оқушы бар .
( Түгелбаева Алита, Мұратова Аружан, Бозжігіт Әсемгүл) Ыстық тамақпен 3 оқушы (Дүйсенбина Шұғыла, Мұратова Аружан, Бозжігіт Әсемгүл) қамтамасыз етілген.
Жылдың басында жылдық тәрбие жұмысының жоспары құрылып, қыркүйек, қазан айларында аталған жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өз уақытында өткізіліп отырылды.
Қыркүйек айында жылдық жоспарға сай «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық» білім сағаты , «Тілдің мерейі-елдің мерейі», «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-Отбасы», «Мамандыққа бейімділікті анықтау» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Сынып оқушыларының жетістіктеріне тоқталып өтетін болсақ:

Қазан айында Тобық Жармағамбетов атамыздың туған күніне орай «Есімі ел жадында Ер Тобықтың » атты аудандық шараға 10ә класс оқушылары белсене қатысып, эссе жазу бағыты бойынша Есқали Арайлым II дәрежелі дипломмен және қаржылай жүлдемен марапатталды.
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 10 ә сыныбынан үш оқушы: Қуаныш Ұлжан құқық негіздері, Дүйсенбина Ш қазақстан тарихы, Есқали А география пәндері бойынша қатысып, облыстық кезеңге Есқали Арайлым жолдама алып, нәтижесінде облыстық кезеңнен жүлделі II орынды иемденді.
Мамыр айында «Шәймерденов - әдеби тұлға» облыстық эссе байқауынан 10 ә сыныбынан Дүйсенбина Ш қатысып, Мақтау қағазымен марапатталды.
«Анаға тағзым» Республикалық эссе байқауынан 10 -сынып оқушысы Есқали Арайлым II орын 2022ж
Сынып оқушыларының спорт саласында да жетістіктері бар. Атап айтқанда, 15-17 қазан аралығында « Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің» еркін күрестен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына , Қ.Мұңайтпасовтың 150 жылдығына аналған спорт мектебі біріншілігінде «62» кг салмақ дәрежесінде 10ә класс оқушысы Самбаев Бекберген I орынды иеленді.

Облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы «Алтын доп» баскетбол жарысында II дәрежелі дипломға Марқабаева Сезім ие болды.

«Әдептілік- әдемілік», «», ақпан айында «Оқушы өміріндегі отбасының өмірі », «Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түпқазығы» пікіралмасу , «Мейірімділік пен сыпайылық ережелері» (психологпен кездесу), наурыз айында алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту -парызым» , «Жыл басы - Наурыз, Мол болсын дәм-тұз» тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Жалпы сынып оқушылары сыныптан тыс шараларға қатысуда белсенділік танытады. Алдағы уақытта тәрбие жоспарына сәйкес бірнеше жұмыстар әлі жүргізіледі және оларды сынып жетекшінің басшылығымен өз мәнінде өткізуге белсене атсалысады.

Сынып жетекшісі Н.Казиева